



БҰЙРЫҚ

24.09.2025 ж. № 113-н/ж

Акшымьтрау ауылы

ПРИКАЗ

село Акшимирау

**«Мектеп Парламенті» жұмысын
ұйымдастыру туралы**

2025-2026 оқу жылында білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзіреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын, жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Өзін-өзі басқару» органдарын дамыту тұжырымдамасына сәйкес мектеп парламенті құрылсын.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Өзін-өзі басқару» ұйымының мүшелері төмендегідей құрамда бекітілсін:
Өзін-өзі басқару ұйымындағы оқушылар тізімі:

1. Қондыбай Жайлау – парламент президенті
 2. Талғатұлы Тоғайбек, Оңғарбек Перизат – спорт және салауатты өмір салты фракциясы
 3. Таңатарұлы Досымжан, Сәдуақас Ерсұлтан – құқық және тәртіп фракциясы
 4. Бөкенбай Айдар, Сүндетқали Бек – ақпарат және баспа фракциясы
 5. Жарылғасынова Маржан, Құралұлы Кенжебек – Мәдениет және өнер фракциясы
 6. Көңбай Жансая, Еркүлік Нұрзила – Білім және дебат қозғалысы фракциясы
 7. Аманбек Ақсұңқар, Жарқынбай Жанәділ – экология және еңбек фракциясы
 8. Абдулла Нұрзила, Арыстанбай Ерболат – қамқорлық (еріктілік) фракциясы
 9. Ақнияз Сымбат және Бисенбі Шуақ – Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы
3. Осы бұйрықтың орындалуын және жұмыстың жүйелі жүргізілуін қадағалау жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Аманбаеваға жүктелсін.

Директор



А.Бекова

000420

«Тобанияз атындағы жалпы білім
беретін мектеп» КММ
директоры м.а. *А.Бекова*



2025 ж.

**2025 – 2026 оқу жылындағы «Өзін – өзі басқару»,
ұйымының жылдық жоспары**

№	Іс – шаралар атауы	Мерзімі
1.	Өзін – өзі басқару фракция мүшелерінің сайлау рәсімі	Қыркүйек
2.	Оқушылар парламентінің отырысы. Өзін – өзі басқару ұйымының құрамын бекіту.	Қыркүйек
3.	1 қазан – Қарттар күніне орай «Қарты бар ел – қазынасы бар ел» қарияларға көмек көрсету Қариялар күнімен құттықтау акция	Қазан
4.	Ұстаздар күні мерекесіне орай мерекелік шара ұйымдастыру, видео құттықтаулар түсіру. Өзін – өзі басқару ұйымы мен 11 -сынып оқушылары арасында дублер күнін ұйымдастыру.	Қазан
5.	25 қазан – Республика күніне арналған видеоқұттықтау	Қазан
6.	«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» акция	Қараша
7.	«Ұлттық валюта күні» бейнежазбалық құттықтау.	Қараша
8.	Өзін – өзі басқару ұйымының жетекшілігімен мектепшілік дебат турнирі	Қараша
9.	Музейге экскурсия	Желтоқсан
10.	«Жүз бақытты жүрек» акциясы	Желтоқсан
11.	16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай мерекелік шара	Желтоқсан
12.	2025-2026 оқу жылында I жартыжылдықта атқарылған жұмыстардың есебін беру және мектеп парламенті отырысы	Желтоқсан

13.	«Мамандықтар әлеміне саяхат» кәсіптік бағдар беру.	Ақпан
14.	«Мұзбалақ ақын - Мұқағали» атты поэзиялық кеш	Ақпан
15.	1 наурыз Алғыс айту күніне орай құттықтау	Наурыз
16.	8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтау видеоролик	Наурыз
17.	«Наурыз – жыл басы» атты мерекелік шара	Наурыз
18.	Балалар үйіне бару қайырымдылық акциясы	Сәуір
19.	7 Мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай 8-9 сынып оқушылары арасында интеллектуалды сайыс	Мамыр
20.	«Ел үшін туған Ерлерім» тыл және еңбек ардагерімен кездесу	Мамыр
21.	Ұйымның жылдық қорытынды есебі (отырыс)	Мамыр

Ақпарат

“Тобанияз ЖББМ”КММ-де мектеп парламенті Өзін-өзі басқару ұйымының президенттігіне қыркүйек айында 19.09.2025 күні сайлау өтті. Сайлауға мектеп оқушылары Қондыбай Жайлау,Талғатұлы Тоғайбек,Аманбек Ақсұңқар,Бөкенбай Айдар, Жарылғасынова Маржан қатысты.Нәтижесінде, 47 ұпаймен 9А оқушысы Қондыбай Жайлау президенттікке тағайындалды. Сондай-ақ, 2025-2026 оқу жылында құрылған мектеп парламенті “Өзін-өзі басқару”ұйымының қатарына сайлауға қатысқан оқушылар мүшелікке тағайындалды.

Өзін-өзі басқару ұйымындағы оқушылар тізімі:

- 1.Қондыбай Жайлау-парламент президенті
- 2.Талғатұлы Тоғайбек,Оңғарбек Перизат-спорт және салауатты өмір салты фракциясы
- 3.Таңатарұлы Досымжан, Сәдуақас Ерсұлтан-құқық және тәртіп фракциясы
- 4.Бөкенбай Айдар, Сүндетқали Бек-ақпарат және баспа фракциясы
- 5.Жарылғасынова Маржан,Жарылғасын Жайна-Мәдениет және өнер фракциясы
- 6.Көңбай Жансая,Еркүлік Нұрзила -Білім және дебат қозғалысы фракциясы
7. Аманбек Ақсұңқар,Жарқынбай Жанәділ-экология және еңбек фракциясы
- 8.Абдулла Нұрзила ,Арыстанбай Ерболат-қамқорлық (еріктілік) фракциясы
- 9.-Ақнияз Сымбат және Бисенбі Шуақ-Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы

<https://www.facebook.com/share/v/1AQL4Z4Azd/?mibextid=wwXIf>



Ақпарат

“Тобанияз атындағы ЖББМ”КММ-де 25.09.2025 қыркүйек айындағы мектеп парламенті “Өзін-өзі басқару” ұйымының бірінші отырысы өтті. Мақсаты: 2025-2026 оқу жылындағы жылдық жоспарды ұйымдастырып, ағымдағы өткізілетін іс-шараларды талқылады. Мектеп Парламенті жобасы оқушылардың қоғамдық маңызы бар бастамаларды ұйымдастырып, өз жұмыстарын нәтижелі түрде жүзеге асырады деп сенім білдіреміз! Жұмыстарына сәттілік тілейміз.



Ақпарат

30.09.25 күні “Тобанияз ЖББМ” КММ-де 5-11 сыныптар аралығында Дене Нұсқаушы Мұратова Бағила мен Мектеп парламенті “Өзін-өзі басқару” ұйымы, спорт фракциясының мүшелері ұйымдастыруымен Денсаулық фестивалі өтті.

Фестиваль салтанатты жиынмен ашылды. Денсаулық фестивалінің мақсаты: оқушылардың белсенді өмір салтын жүргізуге назарларын аудару, денсаулық үшін қимыл белсенділігінің артықшылықтары туралы хабардар болуын арттыру. Белсенді оқушыларға әр түрлі номинация беріліп, сыныптар жүлделі орындармен марапатталды.



<https://www.facebook.com/share/v/1CVbqHsnHk/?mibextid=wwXIfr>

Ақпарат

1 қазан-қарттар күніне орай мектебіміздің “Өзін-өзі басқару” ұйымы және оқушылары “қарттарым-асыл қазынам” тақырыбы бойынша бастама көтеріп, ауылымыздың қарияларына барып, үйінен шағын өз өнерлерін көрсетіп, домбыра тартып, ән айтып, мәнерлеп оқып, қариялардың ризашылығын алды.

Мақсаты: оқушыларға ұлттық қадір-қасиеттер, имандылық, үлкенді қадірлеу, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету керектігін түсіндіру.

Оқушыларға еңбекті сүйеге, Отанымыздың білікті де білімді адал азаматы болуға тәрбиелеу.



<https://www.facebook.com/share/v/19m1yXfAn8/?mibextid=wwXlfr>

Хаттама № 1

Күн тәртібінде: 1. Мектеп парламентінің мақсаты, міндеттерімен таныстыру.

2. Өзін-өзі басқару ұйымының фракция мүшелерін тағайындау.

3. Өзін-өзі басқару ұйымының жылдық жоспарын құру.

4. Мектеп оқушыларына Өзін-өзі басқару органдарының жұмысын таныстыру.

Қатысқандар: Фракция мүшелері, 8-10 сынып білім алушылары.

Мерзімі : 25.09.2025

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Аманбаева сөз алды. “Парламент – оқу-тәрбие процесінің проблемаларын шешуде мектеп әкімшілігінің таптырмас көмекшісі.

Парламентте оқушылар бірлесіп ынтымақтасуға үйренеді. Парламент – бұл білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны.

Парламенттің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Парламенттің міндеттері:

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру;

- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;

- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;

- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

Парламент өзара көмек және сенім, дамуға ұмтылу, барлық оқушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы,

оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

Парламент құрылымы 8 фракциядан тұрады:

1. Қондыбай Жайлау-парламент президенті
2. Талғатұлы Тоғайбек, Оңғарбек Перизат-спорт және салауатты өмір салты фракциясы
3. Таңатарұлы Досымжан, Сәдуақас Ерсұлтан-құқық және тәртіп фракциясы
4. Бөкенбай Айдар, Сүндетқали Бек-ақпарат және баспа фракциясы
5. Жарылғасынова Маржан, Жарылғасын Жайна-Мәдениет және өнер фракциясы
6. Көңбай Жансая, Еркүлік Нұрзила -Білім және дебат қозғалысы фракциясы
7. Аманбек Ақсұңқар, Жарқынбай Жанәділ-экология және еңбек фракциясы
8. Абдулла Нұрзила, Арыстанбай Ерболат-қамқорлық (еріктілік) фракциясы
9. -Ақнияз Сымбат және Бисенбі Шуақ-Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы

Парламенттің жоғарғы органы – фракциялар көшбасшыларының жалпы жиналысы.

Парламенттің мектептегі қызметін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары үйлестіреді.

Білім беру ұйымының әр сыныбында, әр тобында барлық 8 фракцияға оқушылар сайланады.

Парламенттің жобалық қызметінің бағыттары: экологиялық, еріктілік, өлкетану, туристік, зияткерлік, экономикалық, спорттық, дебаттық, этномәдени, көркем-эстетикалық, музыкалық және басқа да шығармашылық жобалар.

Екінші мәселе бойынша оқушыларға Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың «Мектеп парламент» өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасынан

Күтілетін нәтижелер:

- адал, мейірімді және белсенді тұлғалардың тәрбиелі жас ұрпағы;
- қоғамдық (балалар мен жастар) сананы жаңғыртуда оқушылар өзін-өзі басқару органдарының мәртебесі мен рөлін арттыру;
- білім алушыларды қызығушылықтары бойынша жобалық қызметке тарту туралы айтты.

Каулы :

1. «Мектеп парламент» өзін-өзі басқару ұйымының мақсаты мен міндеттері әр фракция мүшелерінің жүктемесіне алынсын.
2. Оқушыларының бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу мақсатында өзін-өзі басқару органдарының жұмысын жүргізу жоспары құрылсын.
3. «Өзін-өзі басқару» ұйымының жетекшілік қызметі мектеп тәлімгері Асылбекова Алмаш тағайындалсын.

Жиналыс Төрайымы:  А.Аманбаева
Хатшы:  Асылбекова Алмаш